

## 2020-2022 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 қаңтарда № 6683 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Шалқар ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 53109,3 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1227,7 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 556,6 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 51325,0 мың теңге;

2) шығындар – 53109,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профицит) – 0,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 0,0 мың теңге;

қарыздар түсімдері – 0,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0,0 мың теңге.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 02.04.2020 № 458 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 505 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.11.2020 № 563 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.11.2020 № 577 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.12.2020 № 595 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. Шалқар ауылдық округі бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

салықтық түсімдер бойынша:

табыс салығы, оның ішінде жеке табыс салығы;

меншікке салынатын салықтар, оның ішінде:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

салықтық емес түсімдер бойынша:

мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер, оның ішінде мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, оның ішінде:

басқа да салықтық емес түсімдер.

3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 31183 теңге;

2020 жылдың 1 сәуірінен бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 32668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

**Ескерту. Қазақ тіліндегі 3 тармақ жаңа редакцияда, орыс тілдегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 02.11.2020 № 563 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

4. Шалқар ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 19019,0 мың теңге сомасында көзделсін.

5. Шалқар ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетіне республикалық бюджеттен мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға 1605,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Шалқар ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

6. Шалқар ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетіне облыстық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тамақтану ақысын төмендетуге – 47,0 мың теңге;

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын күнтізбелік 42 күн ұзақтығын 56 күнге дейін ұлғайтуға – 109,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Шалқар ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 6 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 26.11.2020 № 577 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. Шалқар ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға - 15320,0 мың теңге;

ағымдағы шығындарға және елді мекендерді көркейтуге - 13716,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Шалқар ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 7 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 02.11.2020 № 563 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 08.12.2020 № 595 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

8. Шалқар ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

9. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

10. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы*

*М. Ержанов*

*Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*С. Бигеев*

Шалқар аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 6 қаңтары № 423 шешіміне  
1 қосымша

**2020 жылға арналған Шалқар ауылдық округ бюджеті**

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 08.12.2020 № 595 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
			I. Кірістер	53109,3
1			Салықтық түсімдер	1227,7
	01		Табыс салығы	55,0
		2	Жеке табыс салығы	55,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1172,7
		1	Мүлікке салынатын салықтар	33,2
		3	Жер салығы	30,7
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1108,8
2			Салықтық емес түсімдер	556,6
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	15,3
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	15,3
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	541,3
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	541,3
4			Трансферттердің түсімдері	51325,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	51325,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	51325,0
II. Шығындар				53109,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26504,3
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	26504,3
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ	26504,3

				әкімінің аппараты	
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21384,3
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5120,0
04				Білім беру	17081,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	17081,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17081,0
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	17081,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	9524,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	9524,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9524,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	900,0
			009	Елді мекендердің	698,0

				санитариясын қамтамасыз ету	
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7926,0
				III. Бюджет тапшылығы (профицит)	( 0,0
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	( 0,0

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 шешіміне 2 қосымша

## 2021 жылға арналған Шалқар ауылдық округ бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы		
		Ішкі сыныбы			
			I. Кірістер		1243,0
1			Салықтық түсімдер		1236,0
	04		Меншікке салынатын салықтар		1236,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар		24,0
		3	Жер салығы		39,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық		1173,0
2			Салықтық емес түсімдер		7,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		7,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		7,0
II. Шығындар					1243,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық		1243,0
	3		Елді-мекендерді көркейту		1243,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		1243,0

			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	375,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	535,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	333,0
				III. Бюджет тапшылығы (профицит)	0,0
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0,0

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 шешіміне 3 қосымша

## 2022 жылға арналған Шалқар ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	1243,0
1			Салықтық түсімдер	1236,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1236,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	24,0
		3	Жер салығы	39,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1173,0
2			Салықтық емес түсімдер	7,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	7,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	7,0
II. Шығындар				1243,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1243,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	1243,0

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1243,0
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	401,0
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	572,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	270,0
				III. Бюджет тапшылығы ( профицит)	0,0
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру ( профицитті пайдалану)	0,0

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 423 шешіміне 4 қосымша

### Шалқар ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Функционалдық топ				
	Кіші функция	Әкімші		
			Бағдарлама	
				Атауы
04				Білім беру
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім



			беру тапсырысын іске асыру
--	--	--	-------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК